



Отбасы, ата-ананың үйі бала үшін қауіпсіз, оны қорғайтын, оны қабылдайтын мекен болуы тиіс. Ал ата-аналар баланың кемшілігін түзейтін, ақыл-кеңес беретін, бәріне түсіністікпен қарайтын адамдар болуы тиіс. Баламен жақсы қарым-қатынас кез келген жаста тәрбиелеудің басты құралы болып табылады. **Сіздің балаңызбен тиімді қарым-қатынас ережелерін келтірейік**

1. Ереже : Дұрыс ұстаным ұстаныңыз.

Балалар сіздің кез-келген кеңесіңізді тыңдап, орындайды деп күтпеңіз. ***Артық проблемалар мен жанжал туындамауы үшін өз күткендеріңізбен баланың мүмкіндігін саралап шығыңыз.***

2. Ереже: Өз өткендеріңізге көз жіберіңіз-сіздің естеліктеріңіз баланы түсінуге көмекші бола алады, оның көңіл күйін ,іс-әрекетін түсінетін боласыз.

Баланы жақсы түсіну үшін ата-аналар өздерін еске алып отырулары қажет. Сіздің балаңызға немесе қызыңызға ескі суреттерді қарап, талдап отырған пайдалы, сол кезде сіз жолыққан проблемалар турасында ашық әңгіме-дүкен құрыңыз. Осыдан соң жасөспірім сізді басқа күтпеген қырыңыздан ашады, нәтижесінде сіз жаңа сатыға, сенім сатысына көтерілесіз.

3. Ереже: Өз балаңызға сеніңіз. Көпшілік ата-аналарды толғандыратын сұрақ “Балаға қандай деңгейде еркіндік беруге болады?” Әркім өзінше жауап береді. Психологтардың есептеуі бойынша ең бастысы “**асыра сілтемей” “алтын ортаны табу”**. Балаға еркіндік берем деп шектен шығарып алмаңыз.

- **Тәртіп бұзған жағыдайда балаға қолданылатын шаралар жүйесін дайындаңыз.** Мадақтағанда да солай. Бала осы жазалау (мадақтау) шараларын талқылауға қатысып, осы ережелер туралы білуі шарт.
- **Талаптар мен ережелер балаға жақсы таныс болуы керек.** Баланы бос сөзбен қорқытпай, жазаны жүйелі түрде қолдану керек.
- **Ережелер өте көп болмауы тиіс, олар оралымды болуы керек**
- **Тыйым салған кезде төмендегі жүйелілікті сақтаған жөн:**
 1. Оның әрекетінде не сізге ұнамағандығын балаға түсіндіріңіз.
 2. Өз тыйымыңызды дәлелдеңіз.
 3. Өз іс-әрекеттерімен бала қандай мақсаттар қойғандығын анақтаңыз.

Баланың өзіндік ұстанымдарын енгізгендігі маңызды.

Жалпы балалар ата-анасынан ештеңе жасырмайды. Егерде ата-аналар балаға ұрысса, тексерсе, тыйым салатын болса құпиялар басталады. Егер де ата-аналар балаға сенетін болса, бала олардан ештеме жасырмайтын болады.

Балаға сену күрделі. “Ол ересектерше ойлап, іс-әрекет жасай алмайды-ау” деген қорқыныш туындайды.

“Детектив болып ойнаудың, олардың әлеуметтік жүйедегі аккаунттарын бұзудың, олардың “тусовкалардағы” суреттерін қараудың **ешқандай қажеті жоқтығын еске сақтаған**. Олар мұны біліп қойса болашақта сізден бәрін жасыратын болады.

4.Ереже: Баламен қарым-қатынасқа әр қашанда дайын болыңыз. Жасөспіріммен тең жағдайда диалог түрінде қарым-қатынас жасаңыз

Балаға қысым көрсетпеңіз, өз қарым-қатынасыңызды тықпаламаңыз. Бірақ әр қашанда жанында болыңыз, онымен қарым-қатынасқа ашық болыңыз.

Бала үндемейді және ашылмайды? Ренжімеңіз. Ал егерде жасөспірім сізбен бөлісетін болса, қызығушылықпен тыңдаңыз, сұрақ қойыңыз, қолдаңыз.

❖ **Баламен сөйлесерде дауыс көтермеңіз, мұқият тыңдаңыз, ұстамдылықты сақтаңыз.**

❖ **Баланы жәбірлемеңіз, сыпайы болыңыз, жағымсыз эмоцияларға еркіндік бермеңіз – ол мұны ұмытпайды.**

Бос ақыл – кеңес беру, ұрысу, қорқыту әрқашанда жеңу. Бірақ сіз мұнымен ештеңеге қол жеткізе алмайсыз, керісінше бала сізге сенбейтін болады. Сондықтан баланы өзіңіздің ересек досыңызды тыңдағандай, тыңдаңыз.

• **Баламен әңгіме мазмұны нақты болу керек.** Мұнда тұлғаға (сен мындайсың, сен сондайсың) сынмен тарпа бас салуға болмайды. Нәтижесінде өзіңіз үлкен қарсылық көріп қалуыңыз мүмкін. Жанжалдық ситуацияларды талдай отырып, баланың тек қана нақты іс – әрекетін бағалаңыз. Ол білуі керек: “оның өзі емес тұлға ретінде, оның тәртібі сізге ұнамайды”

5.Ереже: Жасөспірімдердің жеке кеңістігін құрметтеңіз. Оның өзіндік қарауы бойынша орнатылған тәртіпке бас сұқпаңыз.

6.Ереже: Әрбір бала өзінше танылады – оның талантын бағалайтын сезінуі және білуі керек, оның қабілеттерін мақтаныш ететінін, оның дағдыларын құптайтынын сезінуі тиіс.

Мақтауға сарандық жасамаңыз.

Өз балаңызды мадақтаңыз және дем беріңіз!

Өз балаңызды жиі мақтасаңыз, оның бойына өзіне деген сенімділік ұялайды.

• Әрине, мақтау баланың шынайы жетістіктеріне сәйкес болуы керек. Баланы шектен тыс, ешқандай себепсіз мақтау – “мақтаншақ” тәрбиелеу деген сөз.

• Баламен қарым – қатынаста ұрысып жекірудің қажеті жоқ. Сонымен қатар “Бұл сенің қолыңнан келмейді!”, “Мен сені ақылдырақ еді деп ойлағанмын!”, “Мұндайды істеуге сенің күшің жетпейді” – деген балаға шарасыздық, сенімсіздік тудыратын сөздерді айтпау керек.



• Отбасында жүрек жылуы, махаббат, құрмет атмосферасын қалыптастырыңыз.

ЕСІҢІЗДЕ БОЛСЫН:

Өз мақтауларыңызда балаға оны жетістіктері үшін емес жақсы көретініңіз, оның өзін жақсы көретініңізді білдіріңіз.



Балаңызда ешқашанда айналадағы балалармен салыстырмаңыз.

7. Ереже: Әділ болыңыз: балаларды жасына қарай бөлмеңіз. Біреуіне істеген ісіне қарай кешіріммен қараңыз, екіншісіне де солай қараңыз.

8. Ереже: Ақшаны бағалауды үйретіңіз. Жасөспірімге өзіңіздің, мамандығыңыз, өзіңіздің бизнесіңіз

туралы міндетті түрде айтыңыз. Ол ақша қалай келетінін, отбасылық бюджет қалай қалыптасатынын білуі керек. Белгілі бір сомаға не сатып алуға болатынын оған түсіндіріңіз. Дүкенде заттардың бағасына қарауға, жеңілдіктерді көруге, қажетті бағаларды таңдауға үйретіңіз.